

Ядролық физиканы (радиохимияны) дамыту жөніндегі кеңес құру туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2024 жылғы 27 қыркүйектегі № 142-ө
Өкімі

Ядролық физиканы (радиохимияны) дамыту мақсатында, сондай-ақ "Қазақстан Республикасының Үкіметі туралы" Қазақстан Республикасының Конституциялық заңы 19-бабының 1-тармағы 8) тармақшасының негізінде:

1. Осы өкімге қосымшаға сәйкес құрамда Ядролық физиканы (радиохимияны) дамыту жөніндегі кеңес (бұдан әрі – Кеңес) құрылсын.

2. Қоса беріліп отырған Кеңес туралы ереже бекітілсін.

Премьер-Министр

О. Бектенов

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
2024 жылғы 27 қыркүйектегі
№ 142-ө өкіміне
қосымша

Ядролық физиканы (радиохимияны) дамыту жөніндегі кеңестің құрамы

1. Қазақстан Республикасының Энергетика министрі, төраға.
2. Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрі, төрағаның орынбасары.
3. Қазақстан Республикасының Энергетика вице-министрі, хатшы.
4. Қазақстан Республикасының Парламенті Сенатының депутаты.
5. Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы вице-министрі.
6. Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау вице-министрі.
7. Қазақстан Республикасының Көлік вице-министрі.
8. Қазақстан Республикасының Қаржы вице-министрі.
9. Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің орынбасары.
10. Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика вице-министрі.
11. Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі вице-министрі.
12. Қазақстан Республикасының Экология және табиғи ресурстар вице-министрі.
13. Қазақстан Республикасының Үкіметі Аппаратының Әлеуметтік даму бөлімінің меңгерушісі.
14. "Қазақстан Республикасы Президенті Іс басқармасы Медициналық орталығының ауруханасы" республикалық мемлекеттік кәсіпорны Ядролық медицина орталығының басшысы (келісу бойынша).

15. "Қазақстан Республикасының Ұлттық ядролық орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының бас директоры (келісу бойынша).

16. "Ядролық физика институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының бас директоры (келісу бойынша).

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
2024 жылғы 27 қыркүйектегі
№ 142-ө өкімімен
бекітілген

Ядролық физиканы (радиохимияны) дамыту жөніндегі кеңес туралы ереже

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Ядролық физиканы (радиохимияны) дамыту жөніндегі кеңес (бұдан әрі – Кеңес) Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы консультативтік-кеңесші орган болып табылады.

2. Кеңес қызметінің мақсаты ядролық физиканы (радиохимияны) дамыту саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарын әзірлеу бойынша ұсыныстар мен ұсынымдарды тұжырымдау болып табылады.

3. Кеңес өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарын, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілерін, Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерін, сондай-ақ осы Ережені басшылыққа алады.

4. Қазақстан Республикасының Энергетика министрлігі Кеңестің жұмыс органы болып табылады.

5. Кеңес отырыстары қажеттілігіне қарай өткізіледі.

2-тарау. Кеңестің міндеттері

6. Қойылған мақсат шеңберінде Кеңеске:

1) ядролық физиканы (радиохимияны) дамытудың, оның ішінде ядролық медицина мен ядролық технологияларды дамытудың ұзақ және қысқа мерзімді пайымдауларын қалыптастыру, ғылыми зерттеулер мен инновациялар үшін негізгі бағыттарды айқындау;

2) ядролық физиканы (радиохимияны) дамыту саласындағы құқықтық реттеу мен нормативтік қамтамасыз етуді жақсарту;

3) ядролық физиканы (радиохимияны) дамытуды ынталандыру үшін инновациялық жобаларды қаржыландыру және қолдау көздері бойынша ұсыныстар мен ұсынымдарды тұжырымдау жүктеледі.

3-тарау. Кеңестің қызметін ұйымдастыру мен оның тәртібі

7. Кеңестің қызметін ұйымдастыру мен оның тәртібі Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 16 наурыздағы № 247 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы консультативтік-кеңесші органдардың құрылуы, қызметі және таратылуы қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК